

## Список использованных источников

1. CMSList. Обзор cms. Сайтосистемахуправлениясайтом.  
<http://www.cmslist.ru>
2. Материал из Википедии — свободной энциклопедии о системах управления сайтом. <http://ru.wikipedia.org/wiki/CMS>
3. CMS обзор: CMS, движок сайта, система управления сайтом, mambo, phpnuke, netcat, phpbb, invisionpowerboard, vbulletin. <http://cmsobzor.ru/news.php>

**Даулетбаева Г.Б.**

*Информатика және компьютерлік технологиялар  
кафедрасының аға оқытушысы, ж.ғ.м.*

## ЭЛЕКТРОНДЫ ДИДАКТИКАЛЫҚ МАТЕРИАЛ - САНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ҚОРЫ РЕТІНДЕ

Сапалы педагогикалық бағдарламалық құралдарды жасау - күрделі және қымбат үдріс. Оған оқу материалдарды дайындайтын авторлары - білікті маман, компьютерлік әдіскер, ППҚ жүйелі техниктер қатысу қажет. ППҚ-ында дидактика тек оқу материалда ғана емес, сонымен қатар ППҚ-ының негізінде жататын модельдер мен алгоритмдерде қамтылады. Бағдарламалаушылар дидактикалық мақсаттарды жүктеген кезде, олар оны өзінің біліктілік деңгейінде ғана шешеді. Бұның нәтижесі – тиімсіз, әдістеме жағынан және дидактикалық мақсаттар жағынан сауатсыз бағдарламаның өнделуі.

Бұл мәселенің альтернативті шешімі - *электронды дидактикалық материалды педагогтардың өздері дайындау.*

**ЭДМ** деп оқу үрдісінде пайдаланатын және оқу тақырыбы мен оқу пәнінің әдістемесіне сай жасалған құжаттарды (бағдарламаларды емес!) айтамыз[1].

Егер педагогикалық программалық құралдар (ППҚ) бағдарламалау тілдері арқылы жасалатын болса, ЭДМ жалпыға арналған қолданбалы бағдарламалар арқылы жасалады. Яғни мәтіндік және графикалық редакторлар, кестелік процессорлар және т.б. немесе пәндік бағытталған бағдарламалық орталар арқылы жасалады.

ЭДМ кейбір ерекшеліктері:

- ✓ тақырыпты оқу үшін таңдалған дидактикалық және әдістемелік көзқарасты есепке алу
- ✓ оқушыларды белсенділікке тартуға арналған жағдайлар жасау
- ✓ сыныптың жағдайы мен талаптарына бейімделу мүмкіндігі
- ✓ модулдік
- ✓ өндеу қарапайымдылығы (ақпараттық технологиялармен таныс педагогтардың бағдарламамен жұмыс істеу кезінде қиындық туғызбайтын)
- ✓ қосымша бағдарламалық құралдарды пайдалану мүмкіндігі

ЭДМ түрлері:

- ✓ компьютерлік тапсырмалар (КТ)
- ✓ оқытылатын мазмұны
- ✓ анықтамалық ақпарат
- ✓ бақылау материалдары

ЭДМ жобалау этаптары:

1. Концептуалды жобалау
  - ✓ пәнге байланысты мазмұнды және әдістемені талдау
  - ✓ компьютерлік сабақтарды жоспарлау
  - ✓ сабақтағы ЭДМ орны.
  - ✓ ЭДМ сценариін жасау
2. Бағдарламалық құралдарды таңдау
3. ЭДМнің бағдарламалық іске асуы
4. ЭДМ экспертизасы, апробациясы және өңделуі
5. Оқу үрдісіне ЭДМ енгізу
6. ЭДМ жасау құралы ретіндегі қолданбалы бағдарламалар мен оқу-

дамыту орталары

Қолданбалы бағдарламаларға мәтіндік, графикалық, кестелік процессорлар жатады. Олардың дидактикалық мүмкіндіктері сөзсіз жеткілікті.

- ✓ шығармашылық жағдай жасау және шығармашылық қабілеттерді дамыту
- ✓ оқыту ортаның мүмкіндіктерін кеңейту
- ✓ оқушылардың өзіндік қабілеттерін дамыту
- ✓ ақпараттық өнімді жасау және нәтижелерін көрсету
- ✓ ғылыми жұмысқа қатысу
- ✓ әртүрлі ақпаратпен жұмыс істеу, интеграцияланған құжаттарды жасау

Қорыта айтқанда бұл бағдарламалар арқылы ЭДМ жасауға болатыны да сөзсіз. Өйткені олар: әртүрлі пәндер бойынша әртүрлі ақпараттық объекттерді жасауға, объекттермен манипуляция жасауға, объекттердің параметрлерін өлшеуге, басқа бағдарламалардың объекттерін кірістіруге, оқу материалын бөлек блоктарға бөлуге және т.б. мүмкіндік береді. Сонымен қатар әртүрлі қолданбалы бағдарламалардың өздерінің спецификалық ерекшеліктері бар. Сондықтан қандай қолданбалы бағдарламаны таңдау керектігін педагогтың өзі шешеді.

#### **Қолданған әдебиеттер тізімі:**

1. [http://studopedia.ru/5\\_109442\\_ponyatie-elektronniy-didakticheskiy-material.html](http://studopedia.ru/5_109442_ponyatie-elektronniy-didakticheskiy-material.html)
2. <http://refleader.ru/jgepolpolmerna.html>

**Айтбенова А.А.<sup>1</sup>, Егембердиева Н.А.<sup>2</sup>**

1. *Ғылыми жетекші, педагогика магистрі, аға оқытушы*
2. *«Информатика» мамандығының 3 курс студенті, информатика және компьютерлік технологиялар кафедрасы*